

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 1327 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 1 желтоқсандағы N 197аг Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "2004 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 1327 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) көрсетілген қаулыға 386-қосымшада :

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақ кестесінің 5-бағанында:

"иммундыфлуоресцентті талдауыш - 1 дана" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"газды хроматографқа керек-жарақтармен бірге масс-селективті детектор - 1 дана;"

"жеке компьютер - 7 дана" деген жолдағы "7" деген сан "3" деген санмен ауыстырылсын;

"жеке компьютер - 7 дана" деген сөздерден кейін мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

" Мыналарды сатып алу:  
свич - 1 дана;  
радиомодем - 1 дана;  
центрифугаға арналған ротор - 1 дана;  
кондиционерлер - 3 дана."

2) көрсетілген қаулыға 389-қосымшада:

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақтың кестесі 5-бағанының реттік нөмірі 2-жолы мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

" Мыналарды сатып алу:  
"КАВЗ" автобусы;  
"Волга" қызметтік автомашинасы".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК